

– жариялылықты қалыптастыру және бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс орнатады;

– ұйымның ықпал ету аясын кеңейтеді;

Қорытындылай келе, Event-менеджмент- бизнес пен экономика саласында тез дамып келе жатқан менеджменттің түрі болып табылады және оған деген сұраныс күннен-күнге артып жатыр. Білікті маман болу үшін сәтті Event-менеджментке арналған барлық қадамдарды орындап, жұмысты жүйелі әрі тиянақты орындау керек. Осы менеджменттің жаңа түрі кәсіпкерлікті дамытады, экономикадан басқа шығармашылық салаларды қамтып, мамандарға өзін-өзі көрсету үшін көптеген мүмкіндіктер береді.

Әдебиеттер тізімі

1. *Лапенков В. Ю.* Анализ рынка ИТ-консалтинга: динамика изменений и его дальнейшие перспективы // Экономика, социология и право. 2018 ж., № 3. 1–3 бет.

2. *Саидмамедова С. С., Соловьева И. А.* Событийный менеджмент в социально-культурной сфере // Материалы VIII Международной студенческой электронной научной конференции Студенческий научный форум [Электронный ресурс]. URL: www.scienceforum.ru/2017/2414/28063.

Сәулет және қала құрылысы саласындағы заңнаманың кейбір мәселелері

Ғ.Е. Мурзағалиева

«Governance and Public Policy» оқу бағдарламасының 2-курс магистранты

galia_95.95@inbox.ru

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясы,
Астана қ.

Түйіндеме: Тұрғындардың жайлы өмір сүруін қамтамасыз ететін тіршілік ортасын қалыптастыруға, елді мекендерді және жекелеген аумақтарды тұрақты түрде дамыту мақсатында қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңы (бұдан әрі - Заң) - сәулет және қала құрылысы саласындағы қолданыстағы басты реттеуші құжаттардың бірі [1].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1054 қаулысымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" тұрғын үй-коммуналдық дамудың мемлекеттік бағдарламасына (бұдан әрі - Бағдарлама) сәйкес, аталған саладағы нормативтік-техникалық базаны жетілдіру аясында және құрылыстағы баға белгілеу бойынша жалпы саны 1000-нан асатын құжаттар жүйесін қамтитын құрылыс саласының жаңа нормативтік базасы әзірленді [2].

Бағдарламаның 5-міндетінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жетілдіру қарастырылған. Соған қарамастан бүгінгі күні сәулет-қала құрылысы саласының нормативтік-құқықтық базасының құрылыс саласымен салыстырғанда әлеуеті шектеулі.

Осы мақалада Автормен жоғарыда аталған Заңның қолданылу аясы, оның негізінде әзірленген сәулет және қала құрылысы саласындағы басқа да нормативтік-құқықтық актілер, олардың негізгі мәселелері сараланып, ұсынымдар берілді.

Кілт сөздер: мемлекеттік басқару, сәулет, қала құрылысы, бас жоспар, қала құрылысы құжаттары, қала құрылысы қызметі

Сәулет және қала құрылысы саласындағы қолданыстағы Заңның негізінде қала құрылысы құжаттамаларын әзірлеуде, бекітуде және іске асыруда ҚР ҚН 3.01-00-2011 «Қала құрылысы құжаттамаларын әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі туралы нұсқаулық» құрылыс нормалары басшылыққа алынады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі №505 бұйрығымен қала

құрылысы саласындағы жобаларды (егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары және құрылыс салу жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары бекітіліп, қолданысқа енгізілді.

Қазақстан Республикасының аумағында қала құрылысын дамытуды жоспарлау мен аумақтарда құрылыстар салу саласында жүзеге асырылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің барлық субъектілеріне басшылыққа алу үшін міндетті болып табылатын, жоғарыда аталған Заңның 20-бабының 11-8-тармақшасына сәйкес 2015 жылғы 20 қарашада «Барлық деңгейдегі қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу қағидалары» бекітілген болатын.

Бұдан өзге сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді іске асыру барысында, аталған саладағы мемлекеттік саясатты тиісінше жүзеге асыру мақсатында жергілікті атқарушы органдардың салалық бөлімдері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашада бекітілген «Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларын бекіту туралы» №750 бұйрығын, ҚР ЕЖ 3.01-101-2013 «Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу» ережелер жинағын, басқа да бірқатар нормативтік-құқықтық актілерді қолданып келеді.

Соңғы жылдары Қазақстанда сәулет-қала құрылысы, құрылыс және жер қатынастарын мемлекеттік реттеу саласында бірқатар реформалар жүргізілді. Атап айтқанда құрылыс нормалары мен ережелері, қала құрылысы құжаттамаларын жасақтау форматтары жаңартылды [3].

Алайда құрылыс саласымен салыстырмалы түрде алып қарағанда сәулет және қала құрылысы саласының нормативтік-құқықтық базасының жеткіліксіз зерттелуі, сонымен қатар заңдар мен нұсқаулықтардың толықтай жетілдірілмеуі, аталған саладағы мемлекеттік қадағалаудың тиісті жүйеге келтірілмеуі - бүгінгі күні сәулет және қала құрылысы тақырыбындағы өзекті мәселеге айналып отыр.

Қазіргі таңда сәулет және қала құрылысы саласы бойынша заңнамада кездесетін кейбір кемшіліктер: Барлық деңгейдегі қала құрылысы құжаттарын кешенді сараптамадан өткізілмеуі; Жергілікті атқарушы органдарға бас жоспардың іске асырылуына қойылатын жауапкершіліктің әлсіздігі, т.б.

Аталған мәселелерді қарастырып, болашақта елімізге және елді мекендердің тұрақты дамуына тиімді әсер ететіндей ретке келтіру - сәулет және қала құрылысы саласының басты мақсаты. Бұл мәселелерді шешу арқылы біз заман талабына сай елді мекендерді дамыту үшін әзірленетін қала құрылысы құжаттамаларының сапалы орындалуына қол жеткіземіз.

Занда берілген анықтамаға сәйкес, қала құрылысы қызметі - қала құрылысы кеңістігін қалыптастырудың, қала құрылысы құжаттамасының барлық сабақтас бөлімдерін үйлестіруді қамтитын, қала құрылысын жоспарлауда аумақтар мен елді мекендерді ұйымдастырудағы және дамытудағы, оларды аумақтық-көліктік жоспарлаудағы және жол жүрісін ұйымдастырудағы, аумақтарды қала құрылысына пайдалану түрлерін айқындаудағы, қалалық және ауылдық елді мекендерді кешенді жоспарлаудағы қызмет.

Ал қала құрылысы және сәулет-құрылыс құжаттамасы дегеніміз - аумақтарды ұйымдастыру, аумақтар мен елді мекендерді дамыту мен салудың қала құрылысын жоспарлау, объектілерді салу (кенейту, жаңғырту, техникамен қайта жарактандыру, реконструкциялау, қалпына келтіру, күрделі жөндеу, консервациялау және кейіннен кәдеге жарату), сондай-ақ құрылысты ұйымдастыру, аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру, көгалдандыру, сыртқы безендіру үшін қажетті өзара байланысты құжаттардың жүйесі.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы реттеуді жүзеге асыратын, сондай-ақ бақылау-қадағалау функцияларын атқаратын лауазымды адамдар мен мемлекеттік басқару органдары:

- 1) Қазақстан Республикасының Президенті;
- 2) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- 3) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган;
- 4) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметімен сабақтас болып табылатын мәселелер бойынша өздерінің арнаулы өкілеттіктері шегінде өзге де орталық атқарушы органдар;

5) Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді және атқарушы органдары болып табылады [1].

Аталған саладағы жүргізілген зерттеулерге шолу жасасақ, қала құрылысы саласындағы мемлекеттік басқаруды трансформациялауға арналған Р.Салманованың ғылыми еңбегін аталмыш саладағы мәселелерді талқылауды, түбегейлі зерттеуді қамтитын маңызды материал ретінде атап өтуге болады.

Бұдан бөлек, соңғы уақытта қала құрылысы саласындағы мәселелерді алға тартып, Қазақстандағы қалалар аумағын сапалы жоспарлау стандарттарын әзірлеуді қолға алған «Q88 Қазақстанның урбанистер қауымдастығының» зерттеулері мақала жазу барысында негізге алынды.

Сонымен қатар, Т.Мұсабаев пен К.Молдағалиеваның «Қазақстан Республикасының қала құрылысын жоспарлау жүйесі және оны дамыту перспективалары» тақырыбындағы мақаласында Қазақстан Республикасының түрлі деңгейдегі қала құрылысын жоспарлаудың қалыптасқан жүйесі қарастырылды, сондай-ақ елді мекендер мен ауыларалық аймақтарды тұрақты дамытудың негізгі бағыттары анықталды және оның негізінде қолданыстағы жүйені жетілдірудің жобалық шешімдерінің кешені ұсынылды.

Осы мақала «Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясының» мемлекеттік басқару бағдарламасы аясында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде дайындалды.

Сәулет және қала құрылысы саласындағы заңнаманы қарастырмастан бұрын, жалпы қазіргі таңдағы заңмен белгіленген қала құрылысы құжаттамасы жүйесімен танысайық.

Сәулет және қала құрылысы жобалары (қала құрылысы құжаттамасы) - қала құрылысының негізгі даму бағыттарын және аумақтарды, елді мекендер мен олардың құрамдас бөліктерін пайдалануды анықтайтын, ретке келтіретін қала құрылысын жоспарлаудың өзара байланысқан құжаттарының жүйесі [4].

Қала құрылысы жобаларының негізгі түрлері мыналар:

- 1) Қазақстан Республикасы аумағын ұйымдастырудың Бас схемасы;
- 2) Аумақтық дамудың өңіраралық схемалары;
- 3) Өңірлердің аумақтарын қала құрылысы жоспарлаудың кешенді схемалары (облыс немесе оның бір бөлігінің);
- 4) Елді мекеннің Бас жоспары;
- 5) Жоспарлау жобасы;
- 6) Құрылыс жоспары [1].

Алайда, бүгінгі күні аталған құжаттардан бөлек қалаларды дамытудың кешенді жоспары, мастер план деп аталатын қала құрылысы жобалары қолданыста бар.

Жалпы осы тұста айта кететін жағдай, қала құрылысы құжаттары жүйесінің өзара байланысының болмауы, яғни бір-бірімен байланыспайтын, бір жобаның игерілу уақыты аяқталмастан, жаңа құжаттардың әзірленуі – қала құрылысы жобаларының негізгі мәселелерінің бірі.

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 44-бабына сәйкес, құрылыс жұмыстары үшін жер учаскесін табыстауға елді мекеннің жасақталған қала құрылысы құжаты болмаған жағдайда тыйым салынады [5]. Аталған талаптың орындалуы ретсіз құрылыстың белең алмауына, бекітілген қала құрылысы ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, қала құрылысын жобаларын әзірлеу, іске асыру тәртібі жоғарыда аталған нормативтік құжаттарда айқындалғанымен кейбір жобаларды әзірлеу тәртібі ешбір нормативтік құжатпен реттелмеген. Атап айтқанда Астана (2020 жылы бекітілген) және Алматы қалаларын дамытудың мастер планының нормативтік-құқықтық актімен бекітілмегендіктен, заңды құқықтық мәртебесі жоқ. Осы орайда нормативтік құжаттарға мастер планды облыс орталықтарына әзірлеуді және қолданыстағы Заңға әзірлеу және бекітілу тәртібін енгізуді ұсынамыз.

Егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары елді мекеннің жеке бөліктері мен бөлінген функционалдық аймақтарына, ал қажет жағдайда - жобамен халықтың саны 20 мың адамға дейінгі елді мекеннің тұтас аумағына әзірленеді. Бұл жағдайда егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы бас жоспармен біріктірілуі мүмкін [6].

Қолданыстағы Заңның 64-бабы 1-тармақшасына сәйкес қала құрылысын жоспарлау саласындағы міндетті сараптамадан өтуге «Кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізуді талап ететін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті өкілді органдардың бекітуіне жататын, аумақтарды дамытудың және оларға құрылыс салудың қала құрылысын жоспарлау жобалары жатады» делінген. Ал, ҚР ҚН 3.01-00-2011 «Қала құрылысы құжаттамаларын әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі туралы нұсқаулықтың» 4.1.3.11.34-тармағына сәйкес «Кенттер мен ауылдық елді мекендердің егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары жобалау тапсырмасында көрсетілген ұйымдармен келісілгеннен кейін, қоғамдық талқылау мен қала құрылысы кеңесінде талқыланғаннан кейін бекітіледі» делінген.

Осылайша Заңмен сараптамадан өтуі міндетті деп көрсетілген қала құрылысы жобалары сараптамасыз бекітілуде. Аталған мәселе бойынша, жергілікті өкілді органның бекітуіне жататын жобалардың маңызын ескере отырып, барлық деңгейдегі қала құрылысы құжаттарын кешенді сараптамадан өткізілуін қамтамасыз ету қажет.

Сәулет және қала құрылысы саласындағы негізгі Заңның 2-бөлімінің 7-тарауы мемлекеттік қала құрылысы кадастрына арналған. Мемлекеттік қала құрылысының кадастры территориялардың, ғимараттардың және шағын сәулет нысандарының жай-күйі туралы, сондай-ақ елді мекендердегі құрылыс салудың қала құрылысын жоспарлау туралы ақпараттарды, нысандардың функционалдық аймақтарға тиесілілігі, ағымдағы және алдағы мақсаттары, экологиялық, әлеуметтік және инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуі туралы мәліметтерді қамтиды [1].

Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына енгізу мақсатында ақпарат және (немесе) мәліметтер беру осы Заңның 24-бабының 14-тармағында облыс әкімдіктерінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыреті ретінде көрсетілген. Алайда, ақпарат беру тәртібі көрсетілмеген. Нақты ереже немесе алгоритм жоқ. Қолданыстағы Заңға Республикалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылысы кадастрына базалық деңгейден ақпарат беру тәртібін жеке тарау ретінде енгізу немесе тиісінше қағидалар бекіту ұсынылады.

Сонымен қатар, облыс әкімдіктерінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыреті көрсетілген 24-баптың 1-тармағында «облыс аумағындағы елді мекендердің белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру» әкімдіктің құзыретінде делінген. Ал Заңның «субъектілердің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңдарды бұзғандық үшін жауапкершілігіне» арналған 17-бабында «сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңдарда белгіленген нормалар мен талаптарды (шарттарды, ережелерді, шектеулерді) бұзуға жол берген оның субъектілерін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады» деп көрсетілген.

Алайда қала құрылысы жобаларының іске асырылуын үйлестіру құзыреті Заңда көрсетілгенімен, жобада белгіленген мерзімдердің сақталуы, бекітілген құжаттардың толығымен іске асырылуы және т.б. маңызды міндеттердің орындалуы жеткілікті деңгейде қадағаланбайды. Нақтырақ айтқанда, бас жоспармен немесе елді мекеннің белгіленген тәртіппен бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобасының регламенттері мен қала құрылыстық шектеулерінің сақталуын (санитарлы-қорғаныш аймағы, сары сызық, қызыл сызық, т.б.), жер учаскелерінің бекітілген қала құрылысы жобасына сәйкес берілуін, ретсіз құрылысты және бас жоспар талаптарынан ауытқуды болдырмауды жүзеге асыруды реттеу, орындалмаған жағдайда шара қолдану тәртібі Заңмен белгіленбеген. Әрбір қала құрылысы жобасын әзірлеуге бюджеттен белгілі мөлшерде қаражат бөлінеді. Бюджеттің тиімді жұмсалуын қадағалау, қала құрылысы жобаларымен бекітілген нормалардың сақталуын

қамтамасыз ету мақсатында, жергілікті атқарушы органдарға бас жоспардың іске асырылуына қойылатын жауапкершілікті күшейту қажет.

Қазақстан Республикасы Жер Кодексіне сәйкес, жеке тұрғын үй құрылысы үшін мемлекет тарапынан берілетін жер учаскесін алу кезегінде тұрғандар саны елімізде күн санап артып келеді. Жеке тұрғын үй салу кезегіндегі азаматтардың қажеттілігін толық қанағаттандыру іс жүзінде мүмкін емес. Себебі елді мекендердің бекітілген бас жоспарларымен жеке тұрғын үй құрылысына арналған аумақтар саны толықтай жер кезегінде тұрғандарға үлестірілген, ал қалалардың аумағы шексіз кеңейе алмайды.

Қалалардың кеңеюі жаңа шағын аудандарды күтіп ұстау бойынша үлкен шығындарға алып келеді: инфрақұрылымды жеткізу және қызмет көрсету, әлеуметтік және тұрмыстық объектілерді салу, жаңа аумақтарды қамтамасыз ету үшін коммуналдық қызметтер ресурстарының жетіспеушілігі, құқықтық тәртіпті қорғау және т.б. Қалаларды дамытудың замануи үрдісі тек көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы арқылы (қаланың қолданыстағы шекарасын кеңейтпей) тығыздауды көздейді.

Қазіргі таңда сәулет және қала құрылысы саласындағы Заң нормалары мен талаптарының кейбір тұстары трансформация мен толықтыруларды қажет етеді. Себебі Бас жоспар - елді мекенді ұзақ мерзімді тұрақты дамытуға арналған кешенді құжат. Осы құжатты сапалы әзірлеу елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар Бас жоспардың құрылымындағы өзгерістер тұрғындардың психологиялық және эмоционалдық күйіне позитивті әсер етіп, қоршаған ортамен байланысын үзбеуге ықпал етеді.

Бүгінгі күнге дейін аумақтарды басқаруда қала құрылыстық, экономикалық, мүліктік, жер, тұрғын-үй шаруашылығы, көші-қон салаларын оңтайландырудың негізінде заң жүзінде жүйелік әдіс қалыптаспаған [7].

Сәулет және қала құрылысы құжаттамасының негізгі міндеті тұрғындарға қолайлы ортаны қалыптастыру деген қағиданы алға тарта отырып, елді мекеннің барлық саладағы әлеуетін барынша дамытуға, өзара байланысқан әлеуметтік, экологиялық (қоршаған ортаны қорғау), экономикалық, инвестициялық, көлік-логистикалық жоспарлау тетіктерін қамтитын, маңызды қала құрылыстық жайғастыру және дамыту шешімдерін қалыптастыратын құжаттарды мемлекеттік реттеу құралдарын, атап айтқанда Заңдар мен нормативтік құжаттардың сапалы әзірленуін, уақытылы жаңартылуын, бәсекеге қабілеттілігін, ондағы халықтың және мемлекеттің мүдделерінің мүлтіксіз қамтамасыз етілуіне жағдай жасау – қазіргі таңдағы өзекті мәселе екені анық.

Қорыта келе, қаланы кешенді дамытуға және қайта жаңғыртуға арналған жобаларды тарихи қалыптасқан үрдістерді сақтай отырып, дамыған елдердің озық тәжірибесі бойынша әзірлеуді жүйелі түрде дамыту, сонымен қатар, қолданыстағы заңнаманы жетілдіру, заман талабына сай келетін нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды тоқтатпау қажет.

Әдебиеттер тізімі

1 «ҚР-дағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000242>. Жүгінген күні: 30.07.2022 ж.

2 ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1054 қаулысымен бекітілген тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001054>. Жүгінген күні: 31.07.2022 ж.

3 Salmanova R.B. Қала құрылысы саласындағы мемлекеттік басқаруды трансформациялау // ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы. – Нұр-Сұлтан, 2022. URL:

<https://www.apa.kz/download/dissert/Salmanova/andatpa/mobile/index.html#p=1>. Жүгінген күні: 29.07.2022 ж.

4 ҚР ҚН 3.01-00-2011 «Қала құрылысы құжаттамаларын әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі туралы нұсқаулық» құрылыс нормалары // Нормативтік техникалық құжаттардың мемлекеттік бірыңғай қоры. – URL:

<https://www.egfntd.kz/upload/NTD/%D0%A1%D0%9D%20%D0%A0%D0%9A/Updated/%D0%A1%D0%9D%20%D0%A0%D0%9A%203.01-00-2011.pdf>. Жүгінген күні: 30.07.2022 ж.

5 Қазақстан Республикасының Жер кодексі // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL:

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000442>. Жүгінген күні: 28.07.2022 ж.

6 «Қала құрылысы жобаларын (егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен құрылыс салу жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 505 бұйрығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021342>. Жүгінген күні: 30.07.2022 ж.

7 Т.Мұсабаев, К.Молдағалиева Система градостроительного планирования Республики Казахстан и перспективы ее развития// Научно-практический журнал «Транзитная экономика».-2015. №3. С. 57-68 URL: https://tranzit-as.kz/wp-content/uploads/2018/06/Tranzit_2015_3.pdf. Жүгінген күні: 02.08.2022 ж.

Кәсіпкерлік қызметтің концептуалды негіздері мен ерекшеліктері туризмді дамыту факторы ретінде

С.Ш. Мамбетова¹ А. Дінмұхаммед²

¹Менеджмент кафедрасының профессоры, э.ғ.к.

²«Менеджмент» мамандығы бойынша 1 курс магистранты

Dinmukhammed.askar@mail.ru, sagynvsh.2012@mail.ru

^{1,2}академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Кәсіпкерлік қызметтің концептуалды негіздері мен ерекшеліктері туризмді дамыту факторы ретінде мақалада туристік бизнестің туризм индустриясындағы экономикалық және әлеуметтік рөлі қарастырылған. Туристік кәсіпкердің мотивтері мен сипаттамаларының айырмашылықтары, табысты кәсіпкердің сипаттамалары, қасиеттері мен дағдылары талданған. Дамыған экономикалық жүйенің ең маңызды элементі қоғамның қарқынды экономикалық және әлеуметтік дамуына ықпал ететін кәсіпкерліктің маңыздылығы сипатталған. Белгілі бір уақыт кезеңіндегі кәсіпкерлік қызметтің даму деңгейін сипаттайтын және оның даму тенденцияларын анықтауға мүмкіндік беретін көрсеткіш кәсіпкерлік қызмет екендігі дәлелденген.

Кілт сөздер: кәсіпкерлік, туризм, туристік кәсіпкерлік, бизнес, табыс, кәсіпкерлік қызмет, туризмнің экономикалық рөлі

Заманауи туристік бизнес – экономиканың ең ірі және қарқынды дамып келе жатқан секторларының бірі. Туризм саласы жұмыс орындарын құруда және жұмыссыздықты азайтуда маңызды рөл атқарады. Көбінесе туризм индустриясы қоғамдағы экономикалық және әлеуметтік өзгерістердің агенті ретінде қарастырылады.

Туристік мотивтер мен преференциялардың тұрақты өзгеруі, туристік бағыттардың дамуының тұрақты сипаты, жаңа туристік өнімдер мен қызметтерге сұраныстың артуы, жаңа туристер санының өсуі және сайып келгенде, бәсекелестіктің артуы туризмнің дамуына ықпал етеді. Кәсіпкерлік пен инновация туристік индустрияның жаһандық және аймақтық